

Қоғамдық жұмыстардың түрлерін және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесін айқындау туралы

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 9 қыркүйектегі № 107 қаулысы

Ескерту. 01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі - осы қаулының 4-тармағымен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 914-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі айқындалсын.

2. "Меңдіқара ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Меңдіқара ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Меңдіқара ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Аудан әкімі

Ғ. Бекбаев

Меңдіқара ауданы әкімдігінің

2025 жылғы "___" _____

№ _____ қаулысына

қосымша

Қоғамдық жұмыстардың түрлері және қоғамдық жұмыстар орындалуға тиіс ұйымдардың тізбесі

Р/с		
-----	--	--

№	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Ұйымдардың тізімі
1	2	3
1	"Боровское ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Аумақты тазалау және ретке келтіру; бұталарды кесу; ағаштарды отырғызу, әктеу; сырлау, ғимаратты, қоршауды әктеу; шөп шабу; абаттандыру
2	"Меңдіқара ауданының Теңіз ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
3	"Меңдіқара ауданы Алешин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
4	"Меңдіқара ауданы Буденный ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
5	"Меңдіқара ауданының Введен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
6	"Меңдіқара ауданы Краснопреснен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
7	"Меңдіқара ауданының Қарақоға ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
8	"Меңдіқара ауданы Ломоносов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
9	"Меңдіқара ауданының Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
10	"Меңдіқара ауданы Первомай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	
11	"Меңдіқара ауданының Соснов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК